

ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ



«ҚАЗІРГІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ БИОЛОГИЯЛЫҚ БІЛІМ» атты
биология пәнінің мұғалімдеріне арналған республикалық
оқу-әдістемелік білім беру семинар

МАТЕРИАЛДАРЫ

17-18 наурыз 2017 жыл



МАТЕРИАЛЫ

республиканского учебно-методического обучающего семинара
«БИОЛОГИЧЕСКОЕ ОБРАЗОВАНИЕ В СОВРЕМЕННОЙ ШКОЛЕ»
для учителей биологии

17-18 марта 2017 года

Алматы 2017

КРЕДИТТІК ОҚЫТУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОҚЫТУ ҮРДІСІНІҢ ТИМДІЛІГІН АРТТЫРУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Аблайханова Н.Т., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т.,
Басығараев Ж.М., Атанбаева Г.Қ., Жаманбаева Г.Т.
Әл-Фараби атындағы университет

Қазақстанның 50 озық елдің қатарына қосылу стратегиясында білім берудің жаңа философиясы, яғни білім беру үлттық экономиканың маңызды құрамдас болігі, инновациялық дамудың интелектуалды негізі ретінде белгіленеді. Қазақстан Президенті Н.Ә.Назарбаев «білім берудің үлттық басымдықтар санатынан халықаралық санатқа ауықаны» атап көрсетті. Қазақстан республикасы үшін түбіндегі елдің жоғары бәсекеге қабілеттілігіне, халықтың сапалы және жоғары өмір сүру деңгейіне қол жеткізуге мүмкіндік беретін «парасат экономикасын» құру-стратегиялық дамудың ілгері басымдықтарының бірі. Осы ретте, үлттық экономиканың бәсекелестік қабілеттілігі түрғысында барлық әлеуметтік топтар үшін сапалы білімге қол жеткізуі қамтамассыз ету ерекше маңызға ие.

Білімнің сапасы – өзара байланысты ішкі және сыртқы, объективті және субъективті факторларға тәуелді аса күрделі үғым. Егер бұл мәселені білім беру қызметі рыногының тікелей тұлғалары – тұтынушы және өндіруші арақатынасында талдауга талпынсақ, білім беру қызметтің сапасы екі жақты қарастырылады: бұл бір жағынан тұтынушылық субстанция – білім беру қызметі сапасының субъективті бағалануы болса, екінші жағынан, сапаның объективті қасиеттері жиынтығын білдіретін өндірістік субстанция.

Алайда, білім беру қызметі рыногы ақпарат асимметриясы тән рыноктар қатарына жатады. Аталған рынке ақпарат асимметриясы екі түрде көрінеді:

- жасырын сапа – тұтынушының ақпаратқа қол жетпеуі (талақпер немесе студент), бірақ өндіруші ұсынылатын қызметтің мазмұны және сапасы туралы ақпаратқа ие;
- жасырын іс-әрекет-өндірушінің рынке тыңдауы – назарынан тыс қалатын, осы себепті оның тарарапынан бағалана алмайтын жағдай.

Тұтынушы оқу орны, ұсынылатын қызмет сапасы, оқу жоспары және бағдарламаларының мазмұны, оның өзгерістері туралы толық ақпаратқа қол жеткізе алмайды. Бұл ең алдымен, білім беру қызметтің қасиеттерімен байланысты: бұл қызмет тұтынушыға сезілмейді (материалды еместігі), оны құні бұрын қажетті көлемде, сапада өндіріп, сактау мүмкін емес; білім беру «сенім тауарына» жатады, яғни қандай сапада білім алатыны тікелей оқу үрдісі басталғанға дейін тұтынушы үшін белгісіз және алған білімнің нәтижесі уақыт легімен кейінге ығыстырылған, яғни оның шынайы құндылығы біраз уақыттан кейін енбек рыногында көрінеді. Оның үстінен, «тұтынушының құзыреттілігі» – тұтынушының қызметті алушағы деңе-ақыл-ой, психологиялық және басқа да дайындығы мәселесі аталған жағдайды тереңдете түседі.

Осыған байланысты, біз, оқу орындарын аккредитациялау және аттестациялау институтарын осы рынактағы өндіруші және тұтынушы арасындағы ақпарт асимметриясын жеңілдететін рынке тыңдау «ишара» ретінде түсінеміз. Себебі, аккредитация және аттестация оқу орнының, оның кәсіптік дайындау бағдарламаларының қоғам және академиялық орта алдындағы міндеттемелеріне сәйкестігін реңми танылу, мойындалу жүйесі. Оның ең басты қызметі – тұтынушыларға оқу орнын және оқу бағдарламаларын тандауда, кәсіптік дайындау сапасы және оқу орнының статусы жөнінде ақпаратты ұсыну арқылы жәрдемдесу. Екінші жағынан, аккредитация барлық деңгейдегі білім берудің бақарудың құралы болып табылады.

Жоғарыда жасалған талдаудың негізінде, біз білімнің жоғары сапасын қамтамасыз етудегі әлеуметтік жауапкершілігі жоғары (академиялық қызметтің мақсатына сәйкес) басты тұлға – оқу орындары деген тұжырым жасаймыз. Әрине, білім сапасын жетілдіруде, бағалауда тұтынушы ұстанымының маңыздылығын жоққа шығаруға болмайды. Біріншіден, өндіруші ретінде оқу орындарының рынке тыңдау мінез – құлқындағы негізгі қағида – тұтынушының талап-тілегін ескере отырып, оның қажеттілігін толықтай қанағаттандыратын өнім ұсыну. Екіншіден, білім сапасының маңызды көрсеткіші – тұтынушының қанағаттану дәрежесін анықтауда студенттер пікірінің үлесі елеулі.

Сонымен, білім беру қызметтің маңызды сапа параметрлерінің бірі оқу орындарындағы білім беру үрдісінің тиімділігін арттыру болып табылады. Бұғынгі құні республиканың жоғары білім беру жүйесінде басты мақсаты өзін – өзі дамытуға, өз бетінше білім алуға, инновациялық іс-әрекетке

қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға бағытталған оқытушының кредиттік жүйесі енгізілуде. Кредиттік жүйенің негізгі ерекшелігі – бұл жүйеде студенттердің өзіндік жұмыстарының маңызы, мәртебесі жоғары. Өзіндік жұмыс кең мағынада өз бетінше ойлауды және студенттің таным белсенділігін ынталандыруға жағдай жасайтын кез-келген іс – әрекет. Демек, кредиттік оқыту жүйесінде студенттің бойында интелектуалды еңбек мәдениеті қалыптасады, құндылықтар жүйесі және ынталылық түрткілері өзгереді. Оқыту үрдісінде біржақты пассивті түрде Р – білімді (programming ағылшын сөзінен) алу емес, керінше Q – білім негізінде (ағылшынша questioning) Q-дағдыларды қалыптастыру мүмкіндігі жасалады. Мұндай білім сынни тұргыдағы ойлауды, яғни өзгениң пікірін ести және тыңдай білу, өз көзқарасын дәйектеу және ұстана білу, қандай да бір идеяларды тексеру және сынай білу, өзіне сауал қою және өз ісіне сыншы бола білу дағдысын дамыту арқылы қалыптасады.

Өз бетінше білім алушын артуы, білім беру мазмұнының өзгеруі де өз кезінде оқытушылық іс-әрекеттің күрделенуін және әртараттануын қажет етеді. Оқытушылар болашақта курстың дизайнері, фасilitатор, тьютор, ингивилатор сияқты біліктіліктерге мамандануы қажет. Бұл жағдайда, оқытушының ролі жаңа сапада көрінеді, оқытушы оқу пәнін менгеру үрдісіндегі серіктес ретінде қарастырылады. Оқу үрдісі оқытушы және студенттің өзара бірлескен шығармашылық іс-әрекеттіне айналуда.

Оқу үрдісіндегі серіктестіктің тиімділігі, біздің пікірімізше, біріншіден, оқу үрдісінің ұйымдастырылуымен, екіншіден, осы үрдістің қатысуышылары арасындағы қарым қатынастың сапасымен анықталады.

Кредиттік жүйеде оқу үрдісін ұйымдастыру тиімділігін арттыру мәселесі дәріс, әсіресе семинар және тәжірибелік сабактарды, СӨЖ және ОСӨЖ ұйымдастыруға, жүргізуге ерекше талаптар қояды, Әсіресе, курс студенттерінің СӨЖ тапсырмаларын орындауға машықтанбағандығын, үстіріт қарастарын ескерсек, бұл мәселенің өзектілігі арта түседі.

Біздің пікірімізше, ең алдымен логикалық байланыстылық, бірізділік, сабактастық қағидаларын ұстана отырып, пәнні оқыту барысында берілетін материалдардың сабак түрлері бойынша жіктелуіне баса назар аудару қажет.

ШЕТ ЕЛДЕН КЕЛГЕН СТУДЕНТТЕРДІ УНИВЕРСИТЕТ ЖҮЙЕСІНДЕ БЕЙІМДЕУ МӘСЕЛЕЛЕРИ

Ыдырыс Ә., Абылайханова Н.Т., Мухитдинова Т.М., Тусупбекова Г.А.,
Аблайханова Н.Т., Басығараев Ж.М.
Әл-Фараби атындағы университет

Қазіргі таңда шатысқан жіптей толыққанды шешімін таптай жүрген мәселелердің бірі оралман студенттердің ортамен, соның ішінде университеттік ортага бейімделу мәселесі. Оралман студенттер мәселелерінің алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының білім және ғылым министрлігі (министрлік) және еліміздің шоқтыңы биік білім ордалары әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті (әл-Фараби атындағы ҚазҰУ), К. Сәтпаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Университеті (К.Сәтпаев атындағы ҚазҰТУ), Абай атындағы Алматы Педагогикалық Университеті секілді ірі оқу орындарының колдауымен біздің оралман студенттерімізге мүмкіншіліктер жасалынып, жоғары білім алуша.

Әрине, аумалы-төкпелі заманда отбасынан, өсken ортасына жырақта мұлдем білмеген, көрмеген жерге келіп білім алушын өзі оралман бауырларымыздың қайсарлығы мен ержүректілігі. Осыдан-ақ біздің оралман қандастарымыздың бойынан тектіліктің нышаны байқалып тұрған жоқ па.

Иә, сіз ойлауыңыз мүмкін «келсе олар өз Отанына, Қазақстанға келіп жатыр гой» деп. Рас, мен сізбен келісемін, бірақ сіз қарапайым түрде ойлап көрізші. Егер сіз өзіңіздің бақшаңызда өсіп тұрған алма ағашының орнын ауыстырған болсаңыз, ол бірден бой алып өсіп кетпейді гой, ол біраз ауырып барып бой алады деп ойлаймыз. Бір ортадан екінші ортага ауысу барысында қандайда болмасын тіршілік атауларының дағдарысқа ұшырауы айдан анық нәрсе екені айтпасада түсінікті. Оның қасында оралман студенттердің университет жүйесіне бейімдеу мәселесі елең еткізерлік жағдай.

Қазіргі таңда еліміздің жоғарғы оқу орындарында көптеген оралман қандастарымыз білім алыш, өз біліктерін шындауда.

.....68	Торманов Н.Т., Тулеуханов С.Т., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С. Дамыта оқыту технологиясын физиология, биофизика және хронобиология пәндерінде қолдану жолдары.....136
және.....70	✓ Аблайханова Н.Т., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Басығараев Ж.М., Атанбаева Г.Қ., Жаманбаева Г.Т.Кредиттік оқыту жүйесінде оқыту үрдісінің тиімділігін арттыру мәселелері.....139
.....72	Ыдырыс Э., Абылайханова Н.Т., Мухитдинова Т.М., Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Басығараев Ж.М.Шет елден келген студенттерді университет жүйесінде бейімдеу мәселелері.....140
ялық.....74	Торманов Н.Т., Аблайханова Н.Т., Уршеева Б.И. Сөз – білім сапасын арттырудың кепілі142
шары.....76	Жубаназарова Н.С., Мухитдинова Т.М. Методы совершенствования самостоятельной работы студентов в условиях кредитной системы обучения.....143
.....78	Еланцев А.Б., Щвецова Е.В., Аблайханова Н.Т. Проблемы подготовки биологов при дистанционный форме обучения144
ығына.....80	✓ Еланцев А.Б., Маутенбаев А.А., Атанбаева Г.Қ., Құрманалиев С.Қ. Использование методов дистанционного образования в подготовке специалистов по специальности «Физическая культура и спорт»145
арының.....81	Mautenbaev A.A., Suleimenova R.A., Moldakhanova L., Bekebayeva M. O.Results for the use of case-study method in teaching «Zoology» secondary schoolchildrens146
нінің.....86	Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Тулеуханов С.Т., Абылайханова Н.Т., Уршеева Б.И., Үдырыс А., Ахметова А.Б. Инновациялық іс-әрекетті педагогтың жүзеге асыру ерекшеліктері.....147
ің.....89	✓ Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Атанбаева Г.Қ., Абылайханова Н.Т., Уршеева Б.И., Үдырыс Э. Білім беру сапасын бағалауды құзыреттілік тұрғыдан қарастыру.....150
.....92	✓ Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Абылайханова Н.Т., Атанбаева Г.Қ., Кульмаханбетова Т.Қ. Специфика использования системного дистанционного обучения152
.....96	Тусупбекова Г.А., Аблайханова Н.Т., Кулбаева М.С., Абылайханова Н.Т., Кульмаханбетова Т.Қ. Содержание научно-исследовательской работы студентов154
.....98	Ерназарова Г.И., Нармұратова М.Х. Мектеп оқушыларының ғылыми-практикалық конференциясын үйымдастыру технологиялары157
.....100	
.....102	
.....105	
нәнін.....108	
орны.....111	
оку.....113	
Н.Т.114	
.....117	
ланыш.....119	
.....122	
.....124	
.....128	
.....132	